

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Табиғаттың қалыптасуы мен маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.08.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/160117/>

Адамзат өзінің бүкіл тарихында жерді зерттеуге, оның қалай жұмыс істейтінін, қалай пайда болғанын түсінуге тырысты.



Жердің пайда болуы туралы көптеген аңыздармен мифтер қалыптасты. XVIII-ші ғасырға қарай ғалымдар біздің планетамыз, ғарыш және ғалам туралы көптеген білімдер жинады. Осы кезде Жердің және Күнжүйесіндегі басқа да планеталардың қалай пайда болғаны туралы алғашқы ғылыми гипотезалар ұсыныла бастады.

Алғашқылардың бірі болып Жорж-Луи Леклер де Бюффон (1707-1788) — 18 ғасырдағы француз биологы, математигі, табиғат зерттеушісі және жазушысы Бюффон өзінің **“Табиғат тарихы”** атты еңбегінде біздің планетамыздың дамуы, жердегі барлық тіршіліктің бірлігі туралы ойларын білдірді. Ол өзінің **“Жер теориясы”** эссесінде Жердің пайда болуы туралы теориясын баяндады.



Жағдай 1859 жылы қарашада Чарлз Дарвиннің әлі күнге дейін эволюциялық биологияның негізі болып саналатын **“Түрлердің шығу тегі”** теориясы атты ғылыми еңбегінің жариялануымен өзгерді. Дарвиннің теориясы бойынша популяция табиғи сұрыпталу арқылы ұрпақтар бойына дамиды деп саналды.



Міне осылайша біздің қоршаған орта, табиғатымыз қалыптасты. Табиғат-адамзат өмір сүріп жатқан орта. Ортақ үй, ортақ мекен. Адам мен табиғат егіз ұғым. **“Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті”**- дейді дана халқымыз. Табиғат көркейіп, желегі жасыл тартса, адамның да тынысы кеңейіп, көңілі көтерілері анық.

Қазақтың ақын, жазушылары, зерттеушілері мен ойшылдары табиғатты суреттеп, түрлі кітаптар жазды. Сол ойшылдардың қоршаған орта туралы сөздерін ұсынсам деп едім.

*“Мен рахметімді алдымен Жерге айтар едім,
дүниеге келтірген,
Маған бақыт әперген.*

Өзімді

*Жомарт төсіне дән-дариясын тасытқан. О қасиетті Жер ана сенсің менің ардақтым!
Барша байлықтардың анасы жер. Жерді күтіп,баптай білу, қоршаған ортаны
түлетіп,гүлдендіре беру өз қолымызда ”— деп, Шыңғыс Айтматов атамыз атап өткен
болатын.*



ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.